



## БҮЙРЫҚ

2024 жылғы 31 маусымда

Караганды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 314 н/к

город Караганда

2024 жылғы жазғы маусымда  
балалар мен жасөспірімдердің  
демалысын, сауықтырылуын,  
жұмыспен қамтылуын  
ұйымдастыру туралы

Казақстан Республикасының Оқу-агарту министрлігінің «Жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша 2024-2026 жылдарға арналған әдістемелік ұсынымдары», Қарағанды облысы әкімі орынбасарының «2024-2026 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» жоспарын орындау және жазғы каникул кезеңінде балалардың тұлғалық, әлеуметтік, дene бітімі жағынан және шығармашылық дамуы мен күкүк бұзушылықтардың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды қаласы білім ұйымдарының басшылары:
  - 1) білім ұйымдарында, қосымша білім ұйымдарында тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі уақыттағы лагерлерде балалардың бос уақытын ұйымдастырысын;
  - 2) барлық білім ұйымдарында 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі уақыттағы лагерлердің ашылуы, республикалық «Қайіпсіз жаз 2024» акциясының басталуына арналған іс-шара 2024 жылдың 1 маусымы өткізілсін;
  - 3) балалар мен жеткіншектердің демалысы, сауықтырылуы, жұмыспен қамтылуы жөніндегі «Жаз - 2024» бағдарламасын бекітсін;
  - 4) бағдарламаны жүзеге асыруға іс-шаралар жоспарын дайындал, бекітсін;
  - 5) басым тәртіппе жетім балалардың, ата-аналарының камкорлығының қалған, тұрмысы тәмен және көп балалы отбасылар балаларының, мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың, жалпы білім беретін мектептердің үздік оқушыларының сауықтыру демалысын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;
  - 6) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес абағтандыру және көгалдандыру жасақтарында балалардың жұмыспен қамтылуын жүзеге асырайын;

007580

7) балаларды сауыктыру үйымдарының өрт-қауіпсіздігін, балалардың сауығу демалысы, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуы кезінде судағы балалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын;

8) балаларды патриоттық, белсенді азаматтық тұргыда тәрбиелеу және қызығушылықтары бойынша біріктіру мақсатында «Жас Ұлан» бірыңгай балалар мен жасөспірімдер үйымының жұмысын жандандырсын;

9) жаз мезгілі кезінде балалармен және жасөспірімдермен жүргізілетін жұмысқа спорт секцияларының, үйірмелердің қатысуын қамтамасыз етсін;

10) мектеп жанындағы жазғы сауыктыру лагерьлерінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды қадағалауды тиісті деңгейде қамтамасыз етсін (жеке гигиенаны сақтау, желдету, ауыз су, дезинфекциялау режимдерін сақтау);

11) балалар мен жеткіншектердің жазғы демалысы, сауыктырылуы және жұмыспен қамтылуы бойынша өткізілетін шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында, білім үйымдарының сайттарында тұрақты түрде жариялауды қамтамасыз етсін;

12) балалар мен жасөспірімдерге медициналық қызмет көрсетуге, оларды тاماқтандыру мен сауыктыруды үйымдастыруға бақылау жасауды қамтамасыз етсін (дайын тағамды дәрүмендеуге және тاماқтан уланулардың алдын алу);

13) девиантты мінезді оқушыларды еңбекке, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу мақсатында көгалдандашу топтарын, еңбек жасақтарын үйымдастырсын;

14) әр айдың 2 күні білім бөліміне өткен жаз маусымының есебін нысандарға сәйкес тапсырсын.

## 2. Оқу-тәрбие жұмысын үйлестіру секторы:

1) 2024 жылдың 17 маусымы қала сыртындағы «Салют» балалар сауыктыру орталығының ашылуы үйымдастырсын;

2) қала сыртындағы «Салют» балаларды сауыктыру орталығына әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың балаларының үйымдастасқан түрде, уақытына сәйкес жетуін және қайтып келуін бақылауға алсын;

3) мектеп жанындағы лагерьлерді қабылдаудан өткізсін;

4) балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы, сауыктырылуы және жұмыспен қамтылуы бойынша өткізілетін шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында, білім бөлімінің сайтында жариялауды қамтамасыз етсін.

5) балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы, сауыктырылуы және жұмыспен қамтылуы бойынша жұмыс нәтижесі директорлар кеңесінде қаралсын.

3. Осы бүйректың орындалуын бақылауды басшының орынбасары Н.Головинаға жүктелсін.

Басшы

Келісілді:

орын. А.Есенбекова

Е.Әшім

Н.Головина